

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «8D02305-Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Кожабекова Раушан Санатқызының

«Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы» атты диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Р.С. Кожабекованың «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы» атты зерттеу жұмысы қазақ және араб поэзиясын салыстырмалы-салғаластырмалы түрде зерттеу тұрғысынан өзекті. Әсіресе бұл Қазақ халқының бас ақыны – Абай Құнанбайұлы мен араб елдерінде «Әмируш-Шуьара – акындардың әміршісі, басшысы» атанған Ахмад Шауқиға қатысты болғанда өзектілігі арта түсетіні ақиқат.

Бұл диссертациялық жұмыс ғылыми жетекшінің кеңесі мен ақылдасуы негізінде жоспарлы түрде аяқталды. Зерттеу құрылымы академиялық талаптарға толық сай келеді: жұмыс кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымша бөлімнен тұрады. Әрбір негізгі тарау өз ішінде мазмұндық тұрғыда бір-бірімен үйлесімді тараушаларға бөлініп, талданған. Атап айтқанда, диссертациялық жұмыстың бірінші тарауы «Зерттеудің теориялық негіздері» деп аталады. Бұл тарауда ғылыми зерттеу жұмысының іргелі теориялық мәселелері қарастырылып, жүйелі түрде пайымдаулар жасалды. Мысалы, әдеби шығармашылықты зерделеуде салыстырмалы әдістің пайда болу тарихы, оның қазақ және араб тілдеріндегі қолданыс ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар, герменевтиканың қалыптасу негіздері қарастырылып, Ф.Шлейермахердің

герменевтикалық теориясындағы негізгі категориялар талқыланып, олардың қазіргі зерттеу әдіснамасындағы маңызы айқындалды.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауында Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқидің тұлғалық болмысы және екі ақын шығармашылығына жүргізілген салыстырмалы талдау қарастырылады. Бұл бөлімде Абай мен Шауқи поэзиясының бастау көздері, олардың өмір сүрген тарихи кезеңдері мен әлеуметтік-мәдени ортасы талданып, сол дәуірдің ақын шығармашылығына тигізген ықпалы дәйекті түрде ғылыми негізде пайымдалады. Әсіресе, екі халықтың көрнекті ақындары – қазақ әдебиетінің ұлы ойшылы Абай мен араб әдебиетінің әйгілі өкілі Шауқи шығармаларындағы «Адам» тақырыбы компаративистік әдіс тұрғысынан салыстырылып, олардың шығармашылық ұстанымдары арасындағы ортақ және айрықша қырлар ғылыми негізде айқындалады.

Ал үшінші тарауда, яғни «Абай және Шауқи поэзиясындағы адам бейнесіне салыстырмалы талдау» атты бөлімде, екі ақын поэзиясындағы адам бейнесінің парадигмалары кеңінен ашылады. Бұл тарауда ақындардың шығармашылығындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, сондай-ақ «Адам» концептіне қатысты философиялық, этикалық және эстетикалық идеялар жан-жақты зерттеледі. Қазақ және араб әдебиеттерінің мәдени-көркемдік дәстүрлері ғылыми тұрғыдан салыстырылып, олардың өзара ұқсас, ықпалдастық қырлары анықталады. Бұған қоса, Абай мен Шауқи шығармаларындағы адам бейнесі герменевтикалық талдау әдісі арқылы сарапталып, ақындар поэзиясындағы стильдік ерекшеліктер, азаматтық ұстанымдар мен қайраткерлік қағидаттар айқындалады. Нәтижесінде, екі ақынның шығармашылық болмысын тоғыстыратын ортақ идеялық бағыттар мен ерекшелендіретін жекелеген белгілер ғылыми негізде тұжырымдалады.

Диссертант Р.С. Кожобекова осы ғылыми еңбекті жазу барысында қос ақын – Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқидің рухани өсу жолын, олардың қоғамдағы орны мен азаматтық жауапкершілігін, сондай-ақ

моральдық құндылықтарға қатысты философиялық-эстетикалық көзқарастарын дербес түрде талдауға талпыныс жасады. Зерттеу барысында қазақ әдебиеті мен араб әдебиетінің ортақ сипаттары айқындалып, сонымен қатар әрқайсысының ұлттық ерекшеліктері ішінара қарастырылды. Ең басты «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы» атты тақырыпқа арналған бұл диссертациялық жұмыс қазіргі қоғамда «Адам» тұлғасын қалыптастырудағы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылып, диссертант тарапынан талдап көрсетілді.

Диссертацияда жаңа деректер мен идеялар әрі оларды ғылыми түрде дәйектеулер қамтылған. Жұмыста қарастырылған тақырыптар, олардың аясында көтерілген мәселелер мен тұжырымдалған дәйектемелер өзара тығыз байланысып, зерттеудің ғылыми тұтастығын қамтамасыз етіп отыр деген пікірдемін. Десек те диссертациялық жұмыстың кемшіл тұстары да жоқ емес.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны жүйелілік пен сабақтастық қағидаларын сақтауды мақсат еттік. Тараулардың өзара тығыз байланысы мен сабақтастығы сақтай отырып, әрбір тараудың соңында тақырыпқа байланысты талдау жасалып, аралық қорытындылар берілді.

Осы айтылғандарды түйіндей келе «8D02305-Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» білім бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін Қожабекова Раушан Санатқызының «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми жетекшісі ретінде бұл диссертацияны жазу барысында диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптар қатаң сақталып, диссертанттың өз бетінше дербес, жеке орындалған ғылыми зерттеу жұмыс екендігін растаймын.

Қорытынды сөз ретінде «8D02305-Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» білім бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін әзірленген Қожабекова Раушан Санатқызының «Абай мен Шауқи

поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы» атты диссертациялық зерттеу жұмысын «8D02305-Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» білім бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін Диссертациялық кеңеске ұсынып, қорғауға лайық деп есептеймін.

Диссертант Қожабекова Раушан Санатқызының сәтті қорғауына өз тілектестігімді білдіремін.

Құрметпен, Ғылыми жетекші,

PhD доктор, қауымдастырылған профессор

Палтөре Ықтияр Молдатөреұлы

